

А. БАРЛЫБАЕВА

ЛОКАЛДЫЛЫҚ ӨРІСІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Кейінгі зерттеулерде шақтық локалдылықты семантикалық категория ретінде тану үшін оның құрамындағы семантикалық сыңарлардың оппозициялық қатынаста болу керектігі атап көрсетіледі. Шақтық локалдылық ұғымы **локалдылық/бейлокалдылық** деп көрсетілген екі элементтің бір-біріне қарама-қарсы мағына білдіруімен түсіндіріледі. Ол дегеніміз, іс-әрекеттің кез келген бір нақты орын мен уақытқа тәуелділігі және іс-әрекеттің кез келген емес, дағдылы бір ғана уақытқа тәуелділігі, яғни ұдайы шақтылығы.

Функционалды грамматикада функционалды-семантикалық өріс ретінде танылып жүрген «шақтық локалдылық» терминімен қатар, осы ұғымда түсіндірілетін іс-әрекеттің орнына, уақытына байланысты қолданылатын «кеңістік локалдылық» [1, 133], «кеңістік қатынас», «локалдылық қатынас» терминдері бірінің орнына бірі алмастырыла жұмсала береді. Одан шақтық локалдылықтың қызметтік сипаты өзгермейді.

Локативтілік – кеңістіктік қатынас категориясын тілдік деңгейде түсіндірудегі семантикалық категория. Сонымен қатар, кеңістіктік қатынастардың тілдің әртүрлі деңгейлік амал-тәсілдермен тығыз байланыстылығы оны ФСӨ ретінде тануға мүмкіндік береді.

Локативтіліктің ФСӨ-інде бір-біріне қарама-қарсы қойылатын бірнеше орталық болмайды. Сол себепті ФСӨ-тердің полиорталықты түріне жатқызылмайды, сонымен қоса локативтілік өрісте бірыңғай жүйедегі қарама-қарсы қойылған грамматикалық формалар жоқ, бар болған жағдайда олар ФСӨ-тің біртұтас грамматикалық ядросы қызметін атқарушы еді. Бірақ әртүрлі деңгейдегі тілдік амал-тәсілдер топтамасы локативтік қызметте үлкен рөл атқаратыны көрініп тұр, дегенмен олар бірыңғай тұтас жүйе бола алмайды. Локативтілік әдетте моноорталықты ФСӨ қатарына жатады, өзінің гетерогендік ядросымен ерекшеленеді [2, 34-35].

Локативтілік категориясының тілдік көріністері предикаттық және пысықтауыштық қатынаспен байланысты болып келеді. Предикат кеңістіктік сәйкестікті арттырады, күшейте түседі. Кеңістіктік қатынас локативтік ұғымы негізінде сипатталады. Бұл дегеніміз әртүрлі тәсілдермен берілген типтік мазмұндық құрылым, ал бұл құрылым семантикалық категорияға, локативтік өріске, «жалпы жағ-

дайды» білдіретін кеңістіктік қатынастың бір қырына негізделеді, топтастырылады.

Локалдылық пен бейлокалдылық категориясының семантикалық құрылымы әртүрлі және бұл құрылым әртүрлі варианттар жүйесінің тілдік деңгейлерін тиісті амал-тәсілдермен байланыстыра отырып, шақтық локалдылықтың функционалды-семантикалық өрісін тудырады. Тілдегі басқа да ФСӨ-тер секілді, Л/БЛ өрісі де солай әртүрлі деңгейдегі тіл құралдары қызметін бір ғана негізде қарастырады.

Сөйлемде етістіктің түрлерін көрсететін грамматикалық формалар Л/БЛ-ты білдіруде өзіндік семантикалық потенциялы (мүмкіндігі) әртүрлі болып келетіндігіне баса назар аудартады [3, 40]. Етістіктің аяқталмаған түрінің Л/БЛ семантикасын ажырататыны белгілі және екеуімен де оңай тығыз байланысады. Ал етістіктің аяқталған түрі тек қана локалдылыққа ғана қатысты қолданылады. Бұл категориялардың мағына жігін ажыратып беруде тек қана етістіктің екі түрі емес, сонымен қоса шақ категориясы да өз қызметін көрсетеді.

Л/БЛ – бұл грамматикалық категория емес (егер бұл екеуіне анықтама беруде қолданылатын мүлде қарама-қарсы грамматикалық форма қатарын қосса), әртүрлі деңгейдегі тілдік амал-тәсілдердің оппозициясы. Шақтық локалдылық өрісіндегі орталық сыңарлар қатарына субъекті мен объектінің нақтылық /жалпылық ұғымдарын білдіретін тәсілдер енеді: топталып келетін субъекті : *адам, жұртышылық, уақыт, өмір, тарих, т.б.*; субъектінің іс-әрекетті жалпы түрде көрсететін синтаксистік құрылымы: *Құда болмай, құл билігін сұра, құда болған соңқұл да болса сыйла*; жалпы ұғымдағы анық емес, жеке синтаксистік құрылым: *Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді*. Л/БЛ ұғымын лексикалық мағынасы бар етістіктер де, сонымен қоса етістіктің түрлері де білдіреді. Олар «байқалатын» және «байқалмайтын» (негізгі етістіктер мен құранды етістіктер) іс-әрекеттер болуы мүмкін. Мысалы: *төкті, жазды, сызды, сытырды, сындырды* т.б. Бұл етістіктер нақты түрдегі локалдылықты білдіріп тұр, ал басқа қыры қолданыстағы етістіктер (*жігері қайтты, ашық ауызданды* т.б). Нақты түрдегі локалдылықты емес, бейлокалдылықты көрсетеді.

Қай тілді алып қарамасақ та, Л/БЛ категориясы

іс-әрекеттің белгілі бір шақтағы семантикасын сол тілдегі арнайы формалды грамматикалық ұғыммен қоса қамтылады. Бұл тұрғыдан қарастыру үшін ағылшын тілінің маманы Х. Мерчендтің айтуы бойынша: «егер іс-әрекет динамикалық түрде дамыса, тілдегі прогрессивті (үдемелі) форманың негізгі қызметі бір ғана іс-әрекетке телулі болады. Оны мына түрдегі сөйлемдер көрсетеді: *Пекарь печет хлеб; Мой брат посещает колледж*. Егер іс-әрекет нақ осы шаққа тән, шектеулі болса (*It is raining – идет дождь; I am reading – читаю*), онда прогрессивті (үдемелі) форма міндетті түрде керек және ол жай осы шақпен алмастырылмайды», – дейді [4, 11-21]. Осы айтылғаннан байқайтынымыз, ағылшынның прогрессивті формасының категориялық жағдаяты белгілі бір шақта қолданылатын нақты түрдегі локалдылық белгілермен астасып жатады. Былайша айтқанда, «нақты процестік ұғымды» білдіреді.

Локалдылық/бейлокалдылық семантикалық категориясын оппозиция ретінде алып қарау бір-біріне қарама-қайшы қолданылатын грамматикалық форма мазмұнын ашуда бұл екі сыңар еңмаңызды және негізгі рөл атқарады.

Кеңістіктік қатынас әдетте шақ ұғымымен қатар қарастырылады, базалық қарым-қатынастың бір түрі (типi) болып табылады, осы статусында ол белгілі дәрежеде түрлі тілдік формаларға әсер етеді. Кеңістіктік қатынастар (КҚ) шақ ұғымына қарағанда өте қарапайым және қабылдау да оңай. Кеңістіктік қатынас айналадағы (ақиқат) дүние белгілермен тығыз байланыста болады, ал шақ бірізділікпен, жүйелілікпен және көңіл-күй, жағдайдың өзгеріп тұруымен байланысты. Бұл кеңістіктік байланыстылықты сол байланыстың белгілі бір жаққа әсер етуі арқылы адамның сана-сезімі ешбір кедергісіз тікелей қабылдай алады. Ал шақтық қатынасты сезіну үшін адамның міндетті түрде белгіленген объектідегі көңіл-күйдің өзгеріп тұратындығын бастан өткізуі қиынға соғады. Әдеттегідей кеңістіктік қатынастар көп тілдерде бірінші орында тұрады. КҚ білдіретін амал-тәсілдер қайтадан өңделіп басқа қатынастармен байланысқа түседі. Бұл ретте көптеген үстеу, шылау, көмекші сөздерге мынадай схемада келіп отырады: **Кеңістік – уақыт (шақ) – себеп-салдар**. Мысалы қазақ тіліндегі *бұл (бұдан)* есімдігі кейін септеулік шылауымен тіркесіп, *-дан* шығыс септігін қабылдай келе *бұдан соң* тіркесін тудырады. *Бұдан кейін сен меніңтілімді алып жүретін боласың!* – деген сөйлемде шарттық мағына үстем, сонымен қоса онымен шақтық ұғым қатар үйлесіп тұр (өткен шақ). Тіліміздегі көптеген локативтілік мағына білдіретін шылау сөздер, үстеу, есімдіктер,

септік жалғаулары темпоралдық және логикалық байланысқа түсуге бейімделеді.

Жеке нақтылық қатынасты көрсетуде арнайы құралған амал-тәсілдер үлкен орын алады. Кеңістіктік қатынас осы арнайы қолданылған амал-тәсілдердің біріншілік қызметін атқарады. Басқа қырынан алғанда, бұл амалдар біріншілік тәсіл болып кеңістіктік ұғымды білдіреді. Тілдік ассиметрияда тұрпат межесі мен мазмұн межесі арасындағы өзара мағыналық байланысының бұзылғандығы көрініс табады. Кеңістіктік қатынасты білдіретін модельдер кей уақытта басқа түрдегі қатынастардың мағынасын ашып беруге бейім тұрады, яғни өзінің нақты түрдегі біріншілік қызметінен бөлек екіншілік қызмет атқарып кетеді. Басқаша айтқанда, кеңістіктік емес қатынас модельдері кеңістіктік қатынас ұғымын көрсетуде жиі қолданылады.

Біз алдымен, кеңістіктік модельдердің біріншілік қызметін (сонымен қоса біріншілік формасын), содан барып екіншілік форманы және кеңістіктік модельдердің екіншілік қызметін қарастырамыз. Кеңістіктік модельдердің біріншілік формасы мен оның біріншілік қызметі локалдылық категориясының ФСӨ ядросын құрайды, ал кеңістіктік қатынас екіншілік формасы локалдылықтың ФСӨ перифериясын тудырады. Екіншілік қызметтегі кеңістіктік модельдер басқа ФСӨ перифериясына жатады. Оны схема түрінде көрсетуге болады:

Мазмұн межесі (ұғым)	біріншілік форма	Тұрпат межесі (форма)
кеңістік қатынас		кеңістіктік модель
екіншілік форма	біріншілік қызмет	екіншілік қызмет

Еңалдымен жалпыланған және жекелеген кеңістіктік қатынастарды ажыратып аламыз. Кеңістіктік қатынаста жүзеге асып жатқан үрдістер (процесс) үш кезеңге бөлінеді: **басталуы, созылыңқылығы, аяқталуы**. Мысалы: *Әйел қайнаған шәугіммен үйге кірді* (Е. Мүсірепов); *Әйел қайнаған шәугіммен шай құйып үйді отыр*; *Әйел қайнаған шәугіммен үйден шықты*. Кеңістіктік қатынастардың басталуы мен аяқталуы динамикалық үрдіс сипатында, ал осы қатынастардың жалғасымдылығы (созылыңқылығы) статикалық үрдіс сипатында болады. Кеңістіктік қатынастардың негізгі оппозициясын динамикалық (ауыспалылық) пен статикалық (тұрақтылық) үрдіс сипатымен теңдәрежеде қараймыз. Ауыспалылықты қозғалыспен шатастыруға болмайды. Ауыспалылық мағынасындағы етістіктер қатарына белгілі бір шегі бар кейбір кеңістіктегі қимыл-қозғалысты білдіретін етістіктер

мен предикаттарды қосуға болады. Мысалы: *Бәтима үйіне кірді* (Ғ. Мүсірепов); *Бәтима үйінен шықты*. Егер субъект қимыл-қозғалысты ешқайда шығармай нақты бір кеңістікте жүзеге асырып жатса, онда ол локалдылық қатынаста белгілі бір орын алады. Бұл үрдісті **тұрақтылық мағына** деп танимыз. Мысалы: *Сәден шошқаларды сарайға апарып, аяқтарын шеше бастады*. Қазақ тілінде осы екі үрдістің бір-бірінен айырмашылығы септік жалғауы мен етістікке байланысты ажыратылады. Ауыспалылық үрдістің семантикалық екі типін көрсетеміз: жақындату типі (локалдылық үрдістің жаңадан жүзеге асу кезеңі) және қашықтату типі (локалдылық үрдістің аяқталу кезеңі). Мысалы: *Біздің қос сегіз адам болып бір жерге түсті* (Ғ. Мүсірепов). *Біздің қос сегіз адам болып бір жерге көтерілді*.


Локалдылық үрдісте субъекті арқылы тәуелді, тәуелсіз қимыл-қозғалыстың және тұрақтылық үрдістің айырмашылықтары көріне бастайды. Бірінші жағдайда, яғни ауыспалылық үрдісте локалданған субъект айтылымдағы субъектімен пара-пар келеді, яғни ол қолданылу аясында еркін түрде өзі қозғалады (*бару, отыру, жүру*), ал екінші жағдайда айтылым субъектісімен теңдәрежеде қаралмайды, ол дегеніміз локалдылық қатынас тәуелді сипат алады және осы локалдылық қатынас басқа бір субстанцияның локалдылық сипаттағы бір құбылысқа әсер ету нәтижесін өз ықпалына қарай тартады. Мысалы (*біреуді қолтығынан демеу, біреуді отырғызу, біреуді апару*). Тәуелсіз үрдістің грамматикалық көрсеткіші салт етістіктер немесе сабақты етістіктер болып табылады, яғни тура толықтауышы локализатор екендігін естен шығармау керек: *Мал өріске өрді* (С. Мұқанов). *Сонан соң бірнеше жерге телефон соқты* (М. Әуезов). Тәуелді үрдіс сабақты етістігімен көрсетіледі, тура толықтауышы локалданған объект қызметін атқарады. Мысалы: *Шөбі шүйгін жердің сауын сиырын бағатын бақташы мені ертіп әкеп Сағындық дегеннің үйіне орналастырды* (Ғ. Мүсірепов).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мына түрдегі қарама-қайшылықтағы сипатты беріп көрейік: а) ауыспалылық/тұрақтылық; ә) тәуелсіз қозғалыс/тәуелді қозғалыс; б) жақындату/қашықтату қозғалысы. Енді осы оппозициялық қатынастарды схема түрінде берейік:

Қазақ тілінде ауыспалылық/тұрақтылық және тәуелді/тәуелсіз қозғалыстар етістік, толықтауыш мүше, субъект, есімдік арқылы қарама-қарсы қасиеттер жақсы анықталады. Функционалды аспектіде салт етістіктер мен сабақты етістіктер локалдылық өрістің функционалды-семантикалық формасын аша

түседі.

Кеңістіктік қатынасты мына формуламен көрсетуге болады. $A + r + L$ мұндағы A – локалданған объект; L – локализатор немесе A объектісіне ло-



калданған объект, r – кеңістіктік қатынас, бұл A мен L объектілерін байланыстырады. Біз енді тілдегі локалитивтік қатынасты білдіретін барлық мүмкін логикалық құрылымдарды санамалап бере аламыз [5, 77-84] Жоғарыда көрсетілген үш элемент (A ; L ; r) пен қоса төртінші қосымша мүшені де қарастырған жөн. Ол V – іс-әрекеттің қозғалыстың орны. Осы төрт элементтің әрқайсысы жеке-жеке тұрып та және бәрі бірігіп те локалдылық қатынастың негізгі, біріншілік үлгісін тудырады: $A + V + r + L$. Өз кезегінде іштей тағы төрт субмодельге бөлінеді:

жай ғана динамикалық субмодель: *Алма Астанаға жүргелі отыр*;

жай ғана статикалық субмодель: *Алма Астанада тұрады*;

белсенді динамикалық субмодель: *Алма Астанаға жіберілді*;

белсенді статикалық субмодель: *Алма Астанада әлі де бөгеледі*. Үлгінің семантикасын ашу осы аталған төрт элементке тікелей байланысты. Өзара тығыз байланысты бұл локалдылық қатынастың негізгі құрылымы мынадай үш түрлі факторлардың әсерінен өзгеріске ұшырауы мүмкін: 1) Синтагматикалық ассиметрия, жалпы құрылымдағы семантикалық бір сынардың берілмеуі. Енді байқайтынымыз V – элементінің локалдылық құрылымда болуы, қатысуы міндетті түрде емес, ендігі мәселе тек қана r мен L арасындағы қатынас. 2) Базалық құрылымдағы сынарлардың бір сөз төңірегіне топтасуы: r мен V ; r мен L ; A мен V т.б. Бұл көрсетілген үлгілер жалпы және жеке түрдегі кеңістіктік мағыналарды ажырату үшін керек: 3) Жалпы түрдегі КҚ-тың өзі іске асатын процеске тиісті қаралады. Осы процестердің өздеріне тиесілі үш сатысы (кезеңі) болады: *басталуы* (бастамасы), *созылық қылығы* және *аяқталу* кезеңдері. Мысалы:

Сәния «Арман» кинотеатрына кірді;

Сәния «Арман» кинотеатрында отыр;

Сәния «Арман» кинотеатрынан шығып кетті.

Қорыта келгенде, қазақ тілінде локалдылық

өрісі күрделі жүйе ретінде қаралады, оныңөзінің формальды сипаты лексика-грамматикалық құрылым арқылы көрініс алады. Модель ұғымы локалдылық мағына мен лексикалық мағынаныңбайланысы арқылы жасалған жеке нақты бастауыштық, баяндауыштық, пысықтауыштық қатынастарды анықтайды. Толыққанды модель орталық, ядролық модель ұғымын береді: **бастауыш = пысықтауыш + локалданған зат + баяндауыш**. Бұл модель локалдылық қатынас ұғымын анық түрде түсінуге көмектеседі. Бұл өрістің перифериясына басқа функционалды-семантикалық өрістердің тілдік құрылымдары еніп функционалдылығын анықтай түседі.

ӘДЕБИЕТ

1. *Ахметжанова З.К.* Функционально-семантические поля русского и казахского языков. Алма-Ата, 1939.
2. *Кошмидер Э.* Очерк науки о видах польского глагола. Л., 1961.
3. *Бондарко А. В.* Теория функциональной грамматики. СПб., 1996.
4. *Бондарко А. В., Буланин Л.Л.* Русский глагол. Л., 1967. Проблемы функционального описания языковых единиц. Свердловск, 1990.